




ЖЫЛЫТУ ТАРИФИ ҚЫМБАТТАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАЖЫРЛЫ ҚАЙРАТКЕР

5-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан тиімді әрі салиқалы сыртқы саясат жүргізу арқылы өзінің ұлттық мүддесін қорғап, стратегиялық міндеттерін орындап келеді. Біздің өзгермейтін мақсат-мұратымыз бар. Бұл – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасау. Мен он жыл Сыртқы істер министрі болғанда осы басымдықтарды айқындауға тікелей атсалыстым. Қазіргідей аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда бізге шетелдік серіктестеріміздің бәрімен, әсіресе, көршілерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту маңызды.

№19 (4607)

Бейсенбі
15 ақпан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАРТТАРҒА – ҚАМҚОРЛЫҚ

Елордалық 50 шақты колледж студенті қалың қар жауғанда қариялар тұратын үй аулаларының қарын күреуге көмектесіп, «Ігі істер марафонын» өткізді. Астаналық жастар Оқжетпес және Болашақ көшелеріндегі мекенжайларға барып, аулаларды тазартуға көмектесті.

– Бүгін біз қарт кісілерге аулаларға түскен мол қарды күреуге көмектестік. Акция жыл сайын өткізіледі. Сондай-ақ біз ауа райының қолайсыздығына қарамастан коммуналдық қызметшілерге жиі қолдау көрсетеміз, сондай-ақ ыстық шай мен тәттілер таратамыз. Елордалық жастар ұйымдарын «Ігі істер марафонына» белсене қатысуға шақырамыз, – дейді «Колледж студенттері мен түлектері қауымдастығының» заңды тұлғалар бірлестігінің» төрағасы Аңсар Қайыржанов.



ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢА ДЕПО

Кеше елордадағы Көктал шағын ауданында №24 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі ашылды. Салтанатты ашылу және кілтті табыстау рәсіміне Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері, елордалық ТЖД басшылығы мен жеке құрамы қатысты. Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен салынған жаңа екі қабатты өрт сөндіру бөлімінің жалпы аумағы екі гектарды құрайды.



100 ПӘТЕРЛІК ҮЙ САЛЫНАДЫ

Биыл Астанада медицина қызметкерлеріне арналған 100 пәтерлік тұрғын үй салынады.

Қала басшылығы алдағы 3 жылда тағы да осындай 2 көпқабатты үй салуды жоспарға енгізген. Мұндай жағымды ақпаратты мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында таратты. Ол сондай-ақ, қазіргі кезде қала шетінде орналасқан қалалық құрт ауруларын емдейтін диспансер мен инфекциялық орталық жақын арада Манас көшесіндегі түпкілікті жөндеу жұмыстары жүргізілген ғимаратқа көшетінін жеткізді.



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

ЕҢ ІРІ ЧЕМПИОНАТ ӨТЕДІ

Биыл ақпанның 23-25-і Астанада Central Asia FIRST Championship ресми чемпионаты өтеді. Оған әлемнің 10 елінен 3000-нан астам оқушы қатысады.

Қатысушылар арасында көптеген мемлекеттерден командалар, оның ішінде Гонконг, БАӘ, Түркиядан келетін оқушылар бар. Қазақстанды іріктеу чемпионаттары барысында квота алған 200 команда таныстырады. Мектеп оқушылары үшін негізгі жас санаты бойынша бақ сынайды: FLL Explore (6-10 жас), FLL Challenge (10-16 жас) және FIRST Tech Challenge

(12-18 жас). Чемпионатта Роботтар ойынынан басқа инновациялық жобалар байқауы мен төрешілер сессиялары қамтылады. Central Asia FIRST Championship жеңімпаздарының халықаралық жарыстарға қатысуға лицензиялар, бағалы сыйлықтар және қазақстандық әрі шетелдік жоғары оқу орындарына гранттар алуға мүмкіндіктері болады.



ҚАЖЫРЛЫ ҚАЙРАТКЕР

Елімізде билік институттарының қалыптасуына, парламентаризмнің негізін қалауға, кәсіподақ қозғалысының дамуына, қазақ геология ғылымының ілгерілеуіне өлшеусіз үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Қаратай Тұрысовтың тұлғалық болмыс-бітімін, кісілік қабілет-қасиетін дәріптеу – біздің азаматтық міндетіміздің бірі. Биыл 90 жылдығын атап өтетін тарихи тұлғаға арналған алғашқы жиын Парламент қабырғасында өтіп, оған депутаттар, Үкімет мүшелері және зиялы қауым өкілдері қатысты. Әрі бұл қайраткерге арналған соңғы жиын еместігі анық.



құрметтеді және мәдениетін терең түсінді. Көз көргендер оның Мәскеудегі шаңырағында ақындар, шығармашылық өнер өкілдері жиі аялдайтынын айтатын.

Сөзімізге арқау болған тұлға Қазақстан тәуелсіздігінің нығаюы, жаңа ғана егемендігін алған елде парламентаризмнің тұрақталуы жолында көп еңбектенді. Күрделі кезеңде Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары, Экономикалық реформа жөніндегі комиссия төрағасы, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін жауапкершілікпен атқарды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары күрделі кезең болғаны белгілі. Ескі жүйе құлап, мемлекет жаңа жолын айқындау мен нарықтық экономиканы құру бағытындағы қадамның жасады. Кейбір реформаны енгізуге қарсы болғандар болды. Халықтың сол кездегі таным, бұрынғы партноменклатура өкілдерінің қарсылығы біраз кедергі келтірді. Барлығы жаңа



Қаратай Тұрысұлы экономика моделін өзгертуге ерен еңбек сіңірген алғашқы реформатордың бірі еді. Экономикалық реформа жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасы ретінде республика үшін маңызды салалық актілерді дайындауға кірісті. Саяси жүйе, экономика бағыты өзгерсе де, заман ағымына сай еңбек ете отырып, оң нәтижелерге қол жеткізу – әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Жаңа орта терең білім, іскерлік қабілет пен жоғары біліктілікті талап етері сөзсіз. Бұл қасиеттер Қаратай Тұрысұлы бойынан анық аңғарылатын



Сөзімізге арқау болған тұлға Қазақстан тәуелсіздігінің нығаюы, жаңа ғана егемендігін алған елде парламентаризмнің тұрақталуы жолында көп еңбектенді. Күрделі кезеңде Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары, Экономикалық реформа жөніндегі комиссия төрағасы, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін жауапкершілікпен атқарды

бағытқа бейімделу кезеңін бастан өткізді.

Дәл осы кезде Қаратай Тұрысұлы экономика моделін өзгертуге еңбек сіңірген алғашқы реформатордың бірі болды. Экономикалық реформа жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасы ретінде республика үшін маңызды салалық актілерді дайындауға кірісті. Саяси жүйе, экономика бағыты өзгерсе де, заман ағымына сай еңбек ете отырып, оң нәтижеге қол жеткізу – әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Жаңа орта терең білім, іскерлік қабілет пен жоғары біліктілікті талап етері сөзсіз. Бұл қасиеттер Қаратай Тұрысұлы бойынан анық аңғарылатын.

Сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің экономика және қаржы бағыты бойынша орынбасары қызметін атқарып жүргенінде, Қаратай Тұрысұлы Парламент Мәжілісінің салалық комитет төрағасы ретінде өңірге сапармен келді. Жанында сол комитет мүшелері, депутаттар да бірге жүрді. Әр аймақта көшпелі отырыстар ұйымдастырып, елдегі экономикалық мәселелерді талқылайтын. Ол жерде тек өзекті сұрақтар көтеріліп қана қоймай, нарық жағдайында сала мамандарынан қандай әрекет қабылдануы керектігі де қозғалатын. Елде сапалы кадрлар әзірленбей, өзгеріс енгізу қиын болатынын Қаратай Тұрысұлы үнемі айтатын.

Кейін Еңбек министрінің орынбасары лауазымында жүргенінде де Қаратай Тұрысұлымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істедім. Мәжілісте салалық комитет отырыстарында тиісті заңдарды қарастырып кезде ол кісі үнемі жоғары азаматтық позицияны ұстанатын. Мемлекет бюджеті көбіне әлеуметтік салаға бағытталуы керек деген ұстанымына берік болатын. Соның арқасында Еңбек ми-

нистрлігінің ұсыныстары Парламент қолдауына ие болып, олар халыққа қарастырылған жеңілдіктер мен қаржылай қолдаулардан көрініс тапты. Қаратай Тұрысұлы депутаттық қызметте азаматтардың әлеуметтік жағдайына басымдық бергеніне барлығымыз куәміз. Қанша қызу пікірталас болса да, Қаратай Тұрысұлы өзінің байсалды, байыпты қалпынан танған емес. Бұл ол кісінің өзгерістерден даралайтын мәдениеттілік, білімділік қасиетінен деп білемін. Ауылда өсіп, қазақы тәрбие көрген ол туған тілін, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін ерекше құрметтейтін. Дәл осы қасиет адамдармен тіл табысуда септігін тигізсе керекті.

Мұндай тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына еңбек ұжымдарында, партиялық атқарушы, кәсіподақ органдарда жұмыс істеуі оң әсер етті. Қаратай аға қызмет бабымен Кеңес Одағының әр қиырында болды. Баренцев теңізіндегі балықшылармен де, Коль түбегіндегі «Ленин» арктикалық атом мұзжарғышы командасымен де тілдесті. Мұның барлығы тұлға бойында ұстамдылық, толеранттылық пен дипломатиялық қасиеттің орнығуына әсер етті. Сондықтан да Қаратай Тұрысұлы көпшілік медиатор ретінде де таниды. Себебі ол көзқарастары мен ұстанымдары мүлде қарама-қайшы адамдармен тіл табысып, ортақ бағытқа ұйыстыра білетін.

Бір сөзбен айтқанда, Қаратай Тұрысұлы – Мемлекет басшысы айтқан халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтқан «Адал азамат» бейнесіне толығымен сай келетін тұлға.

Тамара ДҮЙСЕНОВА,
Қазақстан
Республикасы
Премьер-министрінің
орынбасары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз қажет» деген сөздерінен еңбек адамының заңды құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау, өмір сапасын жақсарту арқылы әлеуметтік әділеттілікті қалыптастыру міндеттері айқындалады.

ЖҰМЫРҒА ЖҰҚ БОЛМАЙТЫН ЖАЛАҚЫ ӨСЕ МЕ?

Жыл сайын Үкімет тарапынан азаматтық қызметшілердің жалақысында біліктілік санаттарына қолданылатын коэффициенттерді арттыру қарастырылып, жалақылары кішігірім өсіп келеді. Өкініштісі сол, бюджеттік мекемелердегі еден жуушы, аула тазалаушы, сантехник, плотник, электрлік секілді қарапайым еңбек адамдары азаматтық қызметшілер реестрінде болмауынан, Үкімет тарапынан азаматтық қызметшінің айлығы арттырылғанда, осы еңбегі ауыр жұмысшылардың мүддесі ескерілмей келеді.

Әсіресе, денсаулық сақтау, оқу-ағарту саласындағы ең ауыр жұмыстарды атқаратын жұмысшылардың айлық жалақысы төмен.

Мысалы, мектептердегі еден жуушы – 82 856 теңге, электрлік 81 575 теңге, аула сыпырушы – 79 317 теңге. Бүгінгі таңда, тек орта білім саласында 261 мыңнан астам осы санаттағы жұмысшылар бар, олардың 254 мыңы қолына тиетін айлық жалақысы 74 мың теңгеден 85 мың теңге аралығында. Біз, өңірлерді аралағанда бюджеттік еңбек ұжымдарының барлығында дерлік осы сұрақ көтерілді.

Бюджеттік мекемелеріндегі орта және кіші буын мамандары мен қызметшілердің еңбекақысы кемінде есеге көтеру қажет деп санаймыз. Атқаратын жұмысының күрделілігіне және ауырлығына әрі ерекшелігіне қарай лайықты жалақы тағайындалуы тиіс деп есептейміз. Әлеуметтік әділдік заманында жұмысы ауыр, еңбегі адал жұмысшылардың жалақысы артуы қажет.

Халқымызда «Еңбек адамы – елдің құты» деген жақсы сөз бар. Аманат партиясының фракциясы қарапайым еңбек адамдары санатындағы жұмысшыларға лайықты жалақы төлеудің шын мәнінде әділ әрі бірыңғай жүйесін құру жөнінде ведомствоаралық жұмыс тобы құрылуы кезек күттірмейтін мәселе деп білеміз. Осыған орай, мынадай ұсыныстарымызды енгіземіз:

1. Ең бастысы, Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан барлық басқа да бюджеттік мекемелердегі жалақы теңсіздігін зерделеп, олқылықтарды жоюға шара қабылдауы үшін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен

ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, еден жуушы, плотник, сантехник, аула тазалаушы, электрлік санатындағы жұмысшылардың еңбек демалысына



Мектептердегі еден жуушы – 82 856 теңге, электрлік 81 575 теңге, аула сыпырушы – 79 317 теңге. Бүгінгі таңда, тек орта білім саласында 261 мыңнан астам осы санаттағы жұмысшылар бар, олардың 254 мыңы қолына тиетін айлық жалақысы 74 мың теңгеден 85 мың теңге аралығында

төленетін төлем мөлшеріне сауықтыру жәрдемақысын осы мүмкіндігін қарастырып, республикалық бюджеттен шығындарды есептесін. Республикалық бюджетті нақтылау кезеңінде аталған жұмысшылардың базалық лауазымдық жалақысын индексация және жұмыстардың күрделілігіне сәйкес ұлғайтуды қарастырсын.

3. Оқу-ағарту министрлігі 2016 ж. 29 қаңтардағы №123 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бұйрығымен бекітілген Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін қайта қарап, еден жуушы, плотник, сантехник, аула тазалаушы, электрлік санатындағы жұмысшылардың осы тізілімге енгізілуін қарастырсын.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,
Мәжіліс депутаты



ДҮЙСЕНБІ
19 АҚПАН

Table with TV channels (QAZAQSTAN, ASTANA TV, KTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

Table with TV channels (QAZAQSTAN, ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

Table with TV channels (KTK, HTK, TE) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

31

Table with TV channels (QAZAQSTAN, ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

7

Table with TV channels (QAZAQSTAN, ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

HTK

Table with TV channels (KTK, HTK, TE) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

СЕЙСЕНБІ

20 АҚПАН

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 20th.

7

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

ASTANA TV

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

TE

Table with TV channels (KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

Table with TV channels (KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

31

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 20th.

7

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

HTK

Table with TV channels (KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

СӘРСЕНБІ

21 АҚПАН

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 21st.

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 21st.

ASTANA TV

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

TE

Table with TV channels (KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

KTK

Table with TV channels (KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 20th.

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 20th.

Table with TV channels (ASTANA TV, KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

HTK

Table with TV channels (KTK, HTK) and program titles/times for Tuesday, February 19th.

БЕЙСЕНБІ

22 АҚПАН

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 22nd.

Table with TV channels (QAZAQSTAN, KTK, HTK, TE) and program titles/times for Wednesday, February 22nd.

СУРЕТ СЫРЫ

Бойына ізгілік дарыған

Мемлекет қайраткері, 1990-1995 жылдары Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі, 1996-2004 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитет төрайымы Зәуре Қадырова 1973-1976 жылдары Целиноград қаласы партия комитетінің хатшысы, 1976-1985 жылдары Целиноград облыстық атқару комитеті төрағасы қызметінде талай мәдени іс-шараның басы-қасында болды.

«Ол қандай қызмет атқармасын, қайда жүрмесін, ортасымен тез тіл табысып, айнала сына мейірім шуағын шашып жүретін» дейді замандастары.

Бойына ізгілік нұры дарыған, пайым-парасаты мол адамдар қашан да істің тетігін таба

білетіні сөзсіз. Зәуре Жүсіпқызы 1982 жылы 20 маусымда Целиноградтағы Жастар сарайында «Советтік Якутия өнері» көрмесінің салтанатты ашылуында сөз сөйлеп, якутиялық қылқалам шеберлерінің бейнелеу, кескіндеме,

скульптура мен безендіру – қолданбалы өнер туындыларын көпшілікке паш етті.

Суретте Зәуре Қадырованың «Советтік Якутия өнері» көрмесі лентасын қию сәті.

Ғазиза ИСАХАН

Фотосурет Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорынан алынды.



